

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының жеке секторындағы Азия Даму Банкінің операциялары жөніндегі растау хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1128 Қаулысы

Жеке меншік секторды дамытуда Қазақстан Республикасының Азия Даму Банкімен ынтымақтастығын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының жеке секторындағы Азия Даму Банкінің операциялары жөніндегі растау хаттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қайрат Нематұлы Келімбетовке оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының жеке секторындағы Азия Даму Банкінің операциялары жөніндегі растау хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

2004 жылғы 9 қаңтар

Қазақстан Республикасының Үкіметіне

АДБ-нің жеке сектордағы операцияларына қатысты:

1. 1983 жылғы 18 наурызда Азия Даму Банкінің (АДБ) Басқарушы Директорлар Кеңесі АДБ-нің капиталға инвестициялау жөніндегі операцияларды бастауға дайын екендігін айқындады. 1985 жылғы 7 қарашада АДБ Директорлар Кеңесі АДБ-нің жеке секторға коммерциялық шарттармен үкіметтік кепілдіктерсіз заем беру арқылы өз көмегін неғұрлым әртараптандыру мүмкіндігі туралы шешім шығарды. Осы шешімдерге сәйкес АДБ үкімет кепілдіктерінсіз жеке меншік кәсіпорындардың капиталына инвестициялар жөніндегі ұсыныстарды және заем бөлуді қарайды. 2000 жылдың ішінде Директорлар Кеңесі АДБ қатысатын даму жобаларына қатысушы коммерциялық кредиторлар ұшырайтын белгілі бір тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін АДБ кепілдіктеріне қатысты бірқатар жетілдірулерді бекітті. (Осы хатта қолданылатын терминдер мынадай мағынаны береді: "заем" жеке секторға заемдарды

білдіреді және оның ішінде, АДБ кепілдіктері бойынша АДБ төлеген кез келген төлем нәтижесі ретінде, кредитор құқықтарының АДБ пайдасына суброгация жүргізілген кез келген заемдарды білдіреді; "АДБ кепілдігі" кредиттің бір бөлігіне немесе барлық сомасына, коммерциялық кредиторға немесе кредит беретін тарапқа кредиттік немесе басқа да қаржылық келісімдер бойынша төленуге міндетті сыйақыларды немесе сомаларды қоса алғанда, пайыздарға немесе басқа сыйлықақыларға төлемін кепілді беру үшін, АДБ беретін кредиттік немесе саяси тәуекелге ішінара кепілдік беруді білдіреді).

2. Капиталға инвестициялар бойынша операцияларға келетін болсақ, олар АДБ таңдауы бойынша (i) нақты жобалар үшін орта және ірі кәсіпорындардың капиталына инвестицияларды; (ii) қаржылық даму институттары мен осындай мекемелердің капиталына инвестицияларды; (iii) қаржы делдалдары арқылы іске асырылатын шағын кәсіпорындардың капиталына инвестицияларды қамтуы мүмкін. АДБ заемдары АДБ инвестицияларының қорғалуы үшін тиісті деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс. АДБ кепілдіктері оның тиісті кепілдік келісімдерінде көрсетілген қатерлерді жабуы мүмкін.

3. Инвестициялау, АДБ-нің заемдары мен кепілдіктерін беру үшін лайықты кәсіпорындар жеке секторда болуға тиісті, алайда аралас меншік нысанындағы кәсіпорындар ерекше жағдайларда қаралуы мүмкін. Өз мүддесін қорғау талап етілетін жағдайларды қоспағанда, АДБ кәсіпорынды басқаруға қатысуға немесе бақылау пакетін иеленуге ұмтылмайды. Екінші жағынан, егер Үкімет тарапынан қандай да бір қарсылық білдірілген жағдайда, АДБ меншікті капиталға инвестицияламайды немесе заемдар бермейтін болады және кепілгер болмайды.

4. АДБ Қазақстан Республикасына капитал немесе заем түрінде инвестициялау бойынша немесе кепілдіктер беру бойынша кез келген ұсыныстарды қарау алдында артықшылықтарға, иммунитетке және салықтардан босатуға қатысты, АДБ Жарғысының ережелеріне сәйкес (51, 53 және 56-баптар) операцияларға қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілі бір куәландыруын алғысы келген болар еді. Бұл сендірулер мыналардан тұрады:

(а) АДБ және оның инвестициялары (капитал немесе заем түрінде) кез келген шектеулерден, реттеуден, бақылаудан немесе мораторийден қорғалуға тиісті, атап айтқанда:

- (i) АДБ өзінің кез келген инвестицияларындағы өз үлесін жергілікті сатып алушыларға да, шетелдік сатып алушыларға да еркін сата алады; және
- (ii) АДБ немесе оның агенттер (i) айырбас бағамы сәтіндегі өтімді бағамен меншікті капиталға инвестицияларға жататын акцияларды сатудағы кез келген өсімді, пайданы немесе табысты (соның ішінде капитал өсімін және акциялар алудағы құқығын); және (ii) өзінің заемдары бойынша

негізгі соманы және сыйақыны, сондай-ақ басқа есептеулерді (болған сыйлықтарды қоса алғанда) еркін әкелуі мүмкін;

(b) АДБ (i) меншікті капиталға инвестицияларға жататын акцияларды сатудан түскен кез келген өсімге, пайдаға немесе табысқа (соның ішінде капитал өсіміне және акциялар алуға құқығына) салық салудан, немесе кез келген салық ұстаудан немесе алудан; және (ii) өзінің заемдары бойынша негізгі сомаға және сыйақыға, сондай-ақ басқа есептеулерге (болған сыйлықтарды қоса алғанда) салық салудан, салық ұстаудан немесе жинаудан босатылуға тиіс;

(c) АДБ Қазақстан Республикасында шығарылған бағалы қағаздарды орналастыруда андеррайтер бола алады немесе орналастыруға қатыса алады;

(d) Талап етілген кезде, АДБ тарапынан мұндай өтініш жасалған жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасындағы АДБ-нің инвестицияларына байланысты шығарылған акциялар сертификаттарының және кез келген басқа құжаттардың депозитарийі ретінде АДБ-не қолайлы агенттікті айқындайды;

(e) АДБ-нің: (i) жергілікті заңнамаға сәйкес кредиторларға берілетін құқық қолданудың стандарттық рәсімдері аяқталғаннан кейін кепілдікке, ипотекаға берілген немесе АДБ заемдары бойынша қандай да бір сипатта қамтамасыз ететін кез келген жылжымайтын немесе жылжымалы мүлікті меншігіне сатып алуға; (ii) кез келген мұндай мүлікті сатуға немесе оған басқаша түрде иелік етуге; (iii) жоғарыдағы (a) (ii) параграфқа сәйкес табыстарын әкетуге құқығы болады;

(f) АДБ кепілдіктері кез келген шектеулерден, реттеуден, бақылаудан немесе мораторийден қорғалуға тиіс. Атап айтқанда, АДБ (i) өзінің қатысуындағы кепілдіктерін еркін қайта сақтандыруы немесе сатуы және (ii) айырбас бағамы сәтіндегі басым бағам бойынша, кез келген салықтан немесе осындай алудан босатылған, кепілді кредиторлардан, АДБ кепілдіктерінің бенефициарларынан немесе заем алушылардан, АДБ кепілдіктері бойынша алынған сыйақыларды және алымдарды еркін әкетуі мүмкін ;

(g) Төлем жасау немесе АДБ-нің кепілдіктері жөніндегі кез келген келісім бойынша кепілдендірілген кредиторларға төлемдер бойынша міндеттемелер қабылдау жоғарыда көрсетілген (a), (b) (ii) және (e) тармақтарындағы мақсаттар үшін тиісті заем алушыға осы төлем сомасына АДБ өз есеп-шотынан тікелей заем беру ретінде қаралуға тиіс. АДБ Жарғысында белгіленгендей және жоғарыда көрсетілген тармақтарда мейлінше дәл баяндалғандай, кез келген мұндай төлемдердің сондай артықшылықтары, иммунитеттері болады және салық салудан босатылады. Өзінің әрбір кепілдігінде АДБ кепілдіктері бойынша тиісті келісуіне сәйкес қандай құқықтар мен талаптар көзделсе, АДБ сондай құқықтар мен талаптардың суброгациясын көздейтін болады.

(h) АДБ-нің Қазақстан Республикасының құқықтарды қайта табыстау нәтижесінде АДБ сатып алған валютасындағы операцияларына (өтімділігін пайдалану және әкету

бөлігінде) Қазақстан Республикасының жеке кәсіпорнына өзінің тікелей заемдарының бірін ұсыну нәтижесінде мұндай сомаларды алу операциялары жағдайындағы сияқты қолайлы жағдай жасайтын болады.

Жоғарыда аталған сендірулер көрсетілген барлық факторлар өзгермеген жағдайда, АДБ ұсынатын заемдарға қатысты шығарылатын кез келген вексельдерге де қолданылатын болады.

5. Бұл ретте, осындай сендірулер болған жағдайда, АДБ әрбір өзінің заемы немесе капиталға инвестициясы үшін немесе кепілдіктері үшін Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелер мен рәсімдерге сәйкес әрекет етеді.

6. Егер Үкімет төменде уәкілетті өкілдің қол қоюы жолымен АДБ-не Қазақстан Республикасында заемдарды, капиталға немесе кепілдіктерге инвестицияларды беру жөніндегі ұсыныстарды қарауға мүмкіндік беретін, 4-параграфта көрсетілген сендірулер бойынша өз келісімін растайтын болса, біз алғысымызды білдіретін боламыз.

Құрметпен,

Мұхаммад Е. Тусним

Б а с д и р е к т о р

Шығыс және Орта Азия департаменті

Р А С Т А Л Д Ы :

Уәкілетті өкіл

А т ы - ж ө н і :

Лауазымы:

Күні: